

ТАЙЫР ЖАРОКОВ

ТАНДАМАЛЫ ШЫГАРМАЛАР

Төрт томдық

ТАЙЫР ЖАРОКОВ

ТАНДАМАЛЫ ШЫГАРМАЛАР

Бірінші том

өлеңдер
мен поэмалар

(1927—1937)

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ АЛМАТЫ — 1972

Редакция алқасы: *C. Мұқанов, К. Бекхажин,*
C. Сейітов, Е. Әукебаев, К. Мырзалиев.


Күрастырылған *Сагынғали Сейітов*

12 беттегі суретте (солдан онға қарай) И. Жансүгіров,
Т. Жароков, Б. Майлин, М. Қаратасев, М. Әуезов.

148 беттегі суретте Т. Жароков семьясы арасында.

344 беттегі суретте (солдан онға қарай) Жамбыл,
Тайыр, Жамбылдың баласы Тезекбай, Гали.

ӨЛЕНДЕР



1927—1930

ЛЕНИН

Көрінген, көк шарайна мәлдір аспан,
 Күн туып, сол аспаннан нұрын шашқан.
 Жер шарын жүйрік қиял айдай шолып,
 Адамзат арманына араласқан;
 Көк емес, жердің күні еді Ленин,
 Дабыл қақкан, данышпан данқы асқан.
 Таңында тап туғызған, өрен жүйрік,
 Өлшеусіз өскен ойы бала жастан.
 Ақылмен таң арайын елге атқызып,
 Езілген еңбекшінің көзін ашқан.

Сол дана мәңгі үйқтады... өлді бүгін.
 Қалдырды бізге атқызған таңғы нұрын.
 Өзі өлді... жолы мәңгі, сезі құрал,
 Құрыштай соңында үрпақ қалды буын.
 Сөнбейді, салған жолы, күн сөнгенше,
 Нық үстайд еңбекші тап Ленин туын.
 Жоқ... Ленин, жоқ, жоқ, Ленин дегенменен,
 Большевик жүрөгінде сенің үнің!
 Кеменгер, күмбезінде тыныш үйқта!..
 Жолың берік, жайқалмақ мәңгі туың!!!

1927

КУЛІМДЕЙДІ КҮМІС КҮН ДЕ

Октябрь, еңбекші елге атқан таңсын,
 Ардақтап, сүйіп-құшып тапқан таңсын,
 Қай сағат, қай минутта кездесем деп,
 Жалшы үшін жарығынды жаққан таңсын.

Жайнаған жарығынан сәуле шаштың,
Сәулеңмен қарағылық кілтін аштың,
Өмірге күн келбетті сен келгенде,
Шарықтап, шаттанғаннан шалқымас кім!

Октябрь онға толды күшін жиып,
Халқына ту ұстatty құлшындырып,
Мәз-майрам адам түгіл, мерекеде
Құстар да алақайлап ұшты биік.
Жердегі нұрлы өмірге көк таңғалды,
Күлімдеп күміс күн де басын иіп.

1927

АЛТЫН ДӘН

Октябрь деген жаз шығып,
Бізде алтын дән егілген.
Тамырлап өсті жас шыбық.
Жаңа шығып көрінген.

1927

ЖАС МҰҒАЛІМ

Мектеп ашып,
Білім шашып,
Елге жеміс еgetін.
Жас мұғалім,
Нұрын ғылым
Жас ұланға себетін.

Жас ұланның,
Аш қыранның,
Сәуле сеуіп, сауатын.
Текке өткізбей,
Қәпке өткізбей,
Жас өмірдің сағатын.

Еңбекші елде,
Бұліс белде,
Талай надан бауырын,
Соған жапсыр,
Соған тапсыр,
Коммунизм тамырын.

1927

ҚОДАР ҚУЛІП ТҮР

Таң азаннан талпынып,
Еркелеп, ойнап дыңылдап.
Көк майсада бір адам
Пішен шауып зырылдап.
Құлаштап талмай сілтейді,
Сілтесе орақ шыңылдап,
Жалтылдап жылжып кетеді,
Шәп астында сырыйлдап;
Тәңкерілген жапырладап,
Жығылып тепсек сүйлдап.

Мамығы мамық майықсан,
Шапқандайсын қызығып.
Өткір орақ сыпырад,
Ұстарадай жүзі іліп:
Орақшының еттері
Бөлек-бөлек үзіліп,
Шапқан жердің шалғысы
Сымдай болып сзызылып.
Көгенделген қозыдай,
Көпені жатыр тізіліп.

— Бұл кім?
— Бұл ма? Қодар-құл,
Құрышты қуат қол күші.
Байдың қыстау, тепсениң
Үлеске алыш, онды ісі.
Құшікбайдың тепсені
Шауып жатқан «нормысы»
Мамығы майда оралған
Жердің бір шүйгін жондысы.

Таңдаулы жер алдымен
Кедейлерге тиіп тұр.
Шұрайлы жерді жалшы алып,
Амалы байдың құрып тұр.
Үкімет өзін жақтайды,
Батырақ бәрін біліп тұр.
Екі езуі құлақта
Миықтан Қодар құліп тұр.

1927

ЖЫЛ ҚҰСЫ

(«Жыл құсы» журналына арнал)

«Жыл құсы» жаңа туды қанат сермен,
Ұшуга ыңғайланып жоғары өрлең,
Қатпаған қауырсыны жас балапан,
Талпынды алға қарай күші кернеп.
Жазғы таң құшағында сайран салып,
Аспанның аясында самған гулеп.
Оятып үйқысынан сахараны,
Ойлайды сергітүе үнмен тербел.

Сырнайдай ән сызылтпақ үн жіберіп,
Қемекші, көтермекші болса серік.
Пернелі нәзік шектен күй шырқамақ,
Егер де бабын тапса жемін беріп,
Ол жемі: қаламгердің тіл үшінде,
Еңбектің күйін шертіп берсе теріп.
Жем шашып, балапанды шырқатуға,
Жас қалам, желпіндірер жырлар төгіп.
Қаламгер, сөз зергері, енді құлшын,
Жем беріп баулып, сүйеу келді шағың!
Жырламақ тап тілегін, жалшы жырын,
Жанғыртып алтынданған таң шапағын.
Жан-жағын жырга толы жарық қылмақ,
Ұшқыннан сәуле болып жағып шамын.
Құттықтап жас жүректі оятады,
Сездіртіп тәтті үнімен жаздың тацын.

1927

АЛҒАШҚЫ АДЫМ

Басқанда алыс жолға алғашқы адым,
Тұлымым желкілдеген жап-жас шағым,—
Есімде: жетім тайлақ өркешіне
Жарбып қаршадай боп жармасқаным...

Туған кез өмір бізге нұрын шашып,
Оқуға кеттім елдің өрін асып,
Жаутаңдап жетім тайлақ желе берді
Құмға тек табанының мөрін басып.

Бұк түсіп қала берді Нарын құмы,
Қой баққан жерім талай дауыл күні...
Жаулығын желпи бұлғап:— сау бол!— деген
Құлаққа сонда анамның шалынды үні...

Ол үнге қарайлласам, айналамын,
Анамның білем тағы аймаларын,
Әудем жер шығарып сап, алдымды орап
Құйрығын қалды бұлғап Майлыаяғым.

Сүйеніп қолындағы таяғына,
Жақоң карт жолыма ұзақ қарады да,—
Қош айтып үй жанында түрді қатып,
Қалғандай Бесешкіге қарауылға...

Қалқып өзім туған қара лашық,
Мен ұзап кеткен сайын қалды қашық.
Бір қадам мен ілгері басқан сайын
Жарқырай түсті сәуле алдымда ашық.

1928—1948

АЭРОПЛАН

Бұлты алтын, жасыл, зенгір, атлас аспан,
Құміс күн қойында ана нұрын шашқан,
Бөленіп сол аспанның ләззәтіне,
Бір нәрсе көрінеді бұлттан аскан.
Қадалып, ноқаттай боп қалықтайды,
Секілді кербез көктің кілтін ашқан.

Ол не зат, ноқаттай боп қалықтаған?
Сүгіретін аспан айна анықтаған.
Емес пе, көкте жүрген бала бүркіт,
Әлде не? Жоғары өрлең шалықтаған.
Ұшып жүр биік көкте, тиіл көкке,
Аққу ма, аспанда әлде шарықтаған?

Бүркіт те, аққу да емес ұшып жүрген,
Ноқаттай көзге алыстан түсіп жүрген.
Серпіле көк шарлаған аэроплан,
Аймалап, аспанды айқын құшып жүрген.
Тұңғық көк дария көкке сұңғіп,
Секіріп көк бұлттан ыршып жүрген.

Құрсанған болат сауыт, құрыш қанат,
Суарған бұлт сұына күміс қанат.
Кезқүйрық қауырсыны көкті тіліп,
Алмастай ауа жарған қылыш қанат.
Қол орақ, балға сүгірет бауырында —
Күннен күш алып күнде құрыштанад.

Жарқырап бауырында жұлдыз құліп,
Дірілдеп зенгір көкте ұшты шүйіп.
Нұрымен қаса сұлу шомылдырды,
Алтын күн, мөлдір аспан аса сүйіп,
Қырдан қалқып, құлап жатқан бұлттар.
Өтісті сәлем беріп, басын иіп.

Түйілген топшы болат, алмас қанат;
Ойнақтап, көк жүзіне сайран салад.
Елімнің ақ сұңқардай сұлу құсы,
Шарықтап үні аспаннан жерді жарад.
Халқымның желден жүйрік жас түлегі.
Самаса бұлттан асқан жеті қабат.

Жайнаған айлы түнде қанат жайып,
Қиқу сап ұшқан сайын күмарланып.
Жалаңаш ақ төсінде жұлдыз ойнайды,
Қойғандай алтын моншақ сәнгे тағып.
Елімнің ұшқыштары қанат қақты,
Жұздері бейне қызыл гүлдей жанып.

1928 Қызылорда.

ЖАҢА ӘРІП

Жаңа әріп,
Жаңаланып,
Шықты жаңа өмірде
Түр бергендей,
Түрленгендей,
Оңайланып өмірге...
Өрнек берген
Өрнектелген
Солдан оңға жазғанда,
Салсан назар,
Жазуға ажар
Беріп, жолды сыйзы алға.
Десте-десте,
Сұлу кесте,
Безелінген үзіліп,
Кезек-кезек,
Қалам кезеп,
Жазғандайсын қызығып;
«Әліп-бій»-і,
«Би мен ти»-і
Бөгеп еді арабтың,
Жаңаланған,
Жаңа алынған,
Жаңа әріпті жараттым.

1928

БІЛІМ ДАРИЯСЫ

Советтің сұлу мектебі,
Білімі өрге өрлеген,
Құлгізіп күнді көктегі,
Құлашын шыңға сермеген.

Білімнің алтын дариясы,
Құмсіс тесін кергендей,
Түбінде маржан нұр тасы,
Сүңгісе сырын бергендей.

Жолдары білім дария,
Маркс — Ленин данышпан,

Нұр қүйған жан-жанына
Сол дария ағыстан.

Білімге сұнгір жаңартар,
Өмірдің еңбек жалшысы;
Толқынды дария тазартар,
Алтындей онын тамшысы.

1928

ЖҰЛДЫЗ

Тұн қараңғы қоңыр бұлт,
Бір кезде туғыз бұзылған.
Кеудеде өрт, жабық кілт...
Қайғыдан сызық сызылған.
Бұлттан көрпе жамылып,
Қансырап әлем ойлады.
Дүние өрт боп жарылып,
Өрттө екі тап ойнады.
Езілген тап екпінді,
Создық қолды жұлдызға,
Қолға ағып дөп қонды,
Таңғы шолпан жұлдызы да.
Жарығы жайнап жарқылда,
Құлпырды қызыл жұлдызым,
Бес бұрыш алтын жалтылда,
Қызартар — нұрлап жер жүзін.

1928

ҚЫС

Қылышын сүйреп қыс жетті,
Жер жүзін аппақ қар басып.
Қалышылдаған қыс кепті,
Суыққа суық жалғасып.
Аяз қарып жалақтап,
Қысқы суық қысылтты.
Кисе де киім қабаттап,
Денені шағып үсітті.

Елемейді сүйк өткенін,
Шыңылдатып құлақтан.
Балалардың беттерін
Сүйк сүйіп қызартқан.
Талпынып балалар талапта,
Боқшасын іліп мойнына,
Бара жатыр сабаққа
Мойнын бұрмай ойынға.
Теміртай-ая, Теміртай!
Мектепке бар, қайдасың?
Білімнің тасын кемір, Тай,
Экен малын жайғасын.
Қараши, түрін боранның,
Бораған бұрқ-бұрқ борасын.
Қойшығұл, бірер қаранның
Жылы қылып, жайла корасын.
Қыс қысылтпай малыңды,
Жақсы күтсөн еп қылып,
Жазды күн қатын-баланды
Сауының асырар тоқ қылып,
Көк өгізің семірсін,
Қыстай тыныш от оттаи.
Жаз шыға соқа жегерсін,
Сар далада соп-соптап.
Соп-соптаған дауысың
Үйқысын жердің оятар.
Еңбегінмен таныссын
Балпаң байлар ойы тар.

1928

МЕН ОКТАБРЬ ҰЛЫМЫН

Қараңғы аңы тұрмыстан,
Қыындық қөріп ығысқан,
Құл боп, күн боп жалынып,
Бай табына туыстан.
Тұрғанда көр боп, Октябрь
Таны атқан шығыстан.
Мен Октябрь ұлымын.

Борсық қысып жанымды,
Сүліктей сорып қанымды,

Тек мен емес езді ғой,
Еңбекші, жалшы табымды,
Табыммен мені тәцелткен
Октябрь атқан таңымды,
Мен Октябрь ұлымын.

Екпінді еңбек дуым бар,
Жер жаңғыртқан шуым бар,
Атқан оққа құламас,
Қырмызы қызыл туым бар,
Құлқім күндей, бүрқансам —
Тас балқытар буым бар.
Мен Октябрь ұлымын.

Нашарды бұрын көретін
Колым ұшын беретін;
Коммунизм ұрығын
Еңбекші елге себетін,
Кедейшіл коминтернің
Туы астында жүретін,
Мен Октябрь ұлымын.

1928

ҚЫЗҒАЛДАҚТАЙ ПИОНЕР

Қызғалдактай құлпырып,
Жас пионер балдырған,
Жаз болды деп қуанып,
Жанарын нарттай жандырған.
Самаладай самсаған,
Көктегі гүлдей жаңбырдан.
Барабан сокқан даусынан,
Аспан асты жаңғырған...
Ән косқан даусы жер жарад,
Жас ұланның шуының,
Көркейеді астында
Отан қызыл туының.
— Дайын бол!
— Дайын! — ұраны,
Құш пен жігер бойында.
Көзі көргіш қияны

Үстасы сұлу ойдың да.
Галстүгі қызарып,
Жарасып жүр мойнында.

Балапандай пионер,
Кіршіксіз таза жүрегі;
Оларды мақтан қылады ел,
Өрлейді өрге жігері;
Болашак дәуір қожасы,
Ел үрпағы, тірегі...
Жаздай жайнап көркейсін,
Қызғалдақ ұлан тілегі!

1928

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР

Қуат қайнап қүйқылжыран қырандар,
Қажыр кайтпас, қырағы қырғи ұландар.

Жауға қапташ,
Шығып сап-сап,
Женіп таптап,
Алға аттап,
Табын жақтап батыр ұлан ұрандар.
Болат құрсау, мұздай темір буынып,
Сауытынан түгін шығып, түйіліп,

Көк құрыштан
Жалын шашсан,
Қорқып дүшпан
Сенен қашқан,
Шынық, жауға жай оғындаш шүйіліп!
Жау тиіссе, түнерсе бұлт тұн түнек,
Өрт боп жанып, түре қуып дүркірет:

Енбекші тап,
Ұлдары нақ,
Табың сактап,
Сак бол, сақ, сақ!
Қүшайе тұс бейне күндей күркіреп!
Көк тіреген көк найзаңын ұшына,
Желкілдетіп, туынды іл ұшыға.

Тауды тессін,
Тастан өтеін,

Торды сөксін,
Талқан етсін,
Атқан оғың жау жүргегін ұшыра!

1928

ТАЙМАЙМЫЗ

Еңбекші ескіден
Езілген ұланбыз.
Ерік алған осы күн
Жауынгер қыранбыз!..

Хан, патша, бай, болыс
Еңіретіп жылатқан.
Оларды біздің күш
Қиратқан, құлатқан.

Жер жүзі тұрса да
Өртеніп өрт болып,
Жас әскер талмаймыз,
Ойнаймыз от болып!

Қызырып нұр туым
Дұспанға от шашты...
Ержүрек қызуым
Балқытад көк тасты!

Жер жүзі тұрса да
Өртеніп, өрт болып;
Жас әскер таймаймыз,
Ойнаймыз от болып!

1928

ЕНБЕК СҮЙГІШ ЖЕҢЕШЕМ

Білегін әппак түрініп,
Үй жұмысын істеген,
Тап-таза бол үрініп,
Үстіне шаң түспеген.

— Бұл кім жүрген жұмыста?
Танымаймын, деме сен!
Еркін енген жұмыска,
Бұл еңбекші жеңешем.

Еңбегімен өрлейді,
Құр далаға есірмей,
Керіліп қеуде кермейді,
Байдың бәйбішесіндей.

Қөрдің бе, жібін иіріп,
Өрмегін тоқып жатқанын.
Іске асырад үйіріп,
Ағайдың жинап тапқанын.

Тазалықты ұстайды,
Құтеді денсаулықты..
Ағайды жөнсіз қыспайды,
Әпер деп көйлек, жаулықты.

Еңбекке балқып былқылдаپ,
Бұралып сұлу сүйегі,
Ақ балтыры бұлтылдаپ,
Еңбекті женгей сүйеді.

1928

ҚОИШЫ

(Кеше, бүгін)

Кеше:

Қиғені бұтта шалбар қатқан жарғақ,
Қаудырлап тәрт елі кір батқан жарғақ.
Денесін су тигенде жирендіріп,
Ауырлап көгіс тартқан, батпан жарғақ.
Қатыңқы кара қайыс денелерін,
Суықта мұздай қарып шақкан жарғақ.

Сарсылып ұзақ күнге қойын бағып,
Талықсып, шаршап, талып естен танып,
Құнысып, құлазыған ку далаға
Сыбырлап сырын айтып, мұнын шағып,

Бұйығып бүрсөң қағып қалтырайды,
Денесін қызыл-шұнақ сұық қарып.

Келеді азып-тозып құн батқанда,
Ұзақ құн көп талығад қой баққанға;
Көже ішіп, жабу төсеп үйқтап жатыр,
Қасынып, көзін қадап от жаққанға...
Кетеді шошып тұрып қой өргізіп,
Саз берін құлан-иек таң атқанда...

Қатпар көн аяқтары тілім-тілім,
Жаракат бүрген кірген жері ірін,
Ақ таяқ, қолда қалақ, ерні жалақ.
Аштықтан қойды еміп жаткан түрін
Қөргенде, адам түгіл аяmas па
Хайуан да, күйінішті жүрек мұнын...

Бұгін:

Еліме Октябрьдің таңы аткалы,
Жарқырап жалшы тапқа шам жаққалы,
Бай қандай, жалшы қандай кеше жүрген?
Атқан таң тенденкің занын таратқалы.
Төбесі тиді көкке кедейлердің
Жалшы үшін жана дүние жайнатқалы.

Кеше жүрген көп малай көзін ашқан,
Көзін ашқан, қаз-катар алға басқан.
Байдың қыстау, тепсөнін алып шауып,
Егін де көп, колхозға үйымдақсан.
Батырақтар биікке көз тастаған,
Еңбегінің жемісі судай тасқан.

Түскен жок мұндай тенденкің бізге көктен,
Зар еңіреп тілесек те бар тілекпен,

Бай табы жалшыны аяп жібіген жоқ,
Қайғының «байғұс кой» деп зарын шеккен.
Күресте тас-талқан қып женіп алдық,
Болаттай ұйымдақан күш білекпен.

1928.

СУЫҚ ҚОЛҒА СҮҚТЫРМА

Кой терісін жамылып,
Бөлтірігі қасқырдың
Арадан қалса табылып.
Тапжылдырмай басқа ұрғын.

Табына тартып тап берер,
Бөлтірік істеп бөрі ісін...
Тойып алып жалт берер
Тағы да бір жем үшін.

Білім, өнер, ұқтың ба,
Кедей ұлы, сен үшін,
Суық қолға сүқтырма,
Октябрьдің жемісін!

1928. Алматы

«АЛЛА», «ҚҰДАЙ»— ЖАЛБАРЫНГАН СӨЗДЕРІ

(Конфиска)

Қарны қабак,
Беті табак,
Жалшы қанап,
Бай мұз-балак
Корсылдал ед қабандар;
«Қанды көйлек»
Кілегейлел,
Елді билеп,
Жалшыны илеп,
Шағып ед жылан-шаяндар.

Міне бүгін,
Жалшы буын
Үдең дуын,
Қызыл туың
Қырмызылап қолға алдың.
Жердің шарын,
Еттің жалын,
Байдың малын
Қолыңа алдың
Тендік занын қолдандын.

Малдан безіп,
Жиһан кезіп,
Жауыз бұзық,
Үміт үзіп,
Үрейі үшып жоғалды.
Байға қысым,
Сенің үшін
Ондалды ісің,
Жалшы, түсін,
Жаңа дүние жол алды!

Қайрат жасып,
Ұшқын қашып,
Асып-сасып,
Желке қасып,
Шұнірейін көздері,
Байлар барын
Шашты малын,
Өш-өш! Залым!
Шеңбер қарын,
«Алла-құдай»
Жалбарынған сөздері!

Аузында аллан,
Досың моллан,
Ойды орған,
Қырды қырған,
Жоғал, жуан жебірлер!
Біз құш қосып,
Колхоздасып,—
Судай тасып,

Алға басып,
Күшайеміз,
Нарт ту мәңгі желбірер!

1928

САУАТЫҢДЫ АШ

Фасыр бойы тұман басқан,
Мұндыларды мұнар басқан,
Жұмысшы тап тендік алып,
Көзін ашқан, ұрандақсан!

Білімге кеп қалтап қаулап,
Аттанды жұрт сансыз саулап,
Сауатыңды аш! Ұран сала,
Тауға самғап, өрттей лаулап!

1929

ТАҢ ШАЛАҒЫ

Мінекей таң сарғайды сіберленіп,
Таң қанаты жайылды жұлдыз сөніп...
Жасыл атлас секілді жібек жиек,
Кек белдеуі сары алтын нұрын төгіп.
Шығыр бүйра көк шөптеген шық жылтылдай,
Күміс моншақ қойғандай сәнге сеүіп.
Таңғы тәтті тербеліп терең үйқы,
Жұрт оянды, сыйырлап сыйыс беріп...

Ертеңгі уақыт мұнарлы тамаша жаз,
Сағым ойнайд, күн күліп қараса мәз.
Шеру тарта аспанда тізбектеліп,
Қиқу салған сыңқылдан қараша каз.
Көкірек керіп жұпарлы ауа жұтқан,—
Аспан ана төсінде балаша каз.
Қауырсыңды қанаты бұлтқа сұнгіп,
Жүзіп барад қуанған балаша мәз.

Өзен ағып гүрілдеп сарқыраған,
Аспанға айна мөлдір су жалтыраған,

Жана шығып келе жатқан күннің көзі,
Сәуле сеуіп, нұр бүркіп жарқыраған.
Алтын шыбық сәулесі көз ұялтып,
Жұзіп қана суда ойнап қалтыраған.
Саңқ-саңқ үріп қорашыл кәрі тәбет,
Анда-санды қотанда барқыраған...

Жана-жана жұрт өріп тұрысып жүр,
Мал өргізіп, мал сауып шығысып жүр.
Иінінде су ағаш суға барып,
Әзіл сөзбен женгейлер ілісіп жүр;
Жұмыр торғын жарқылдаап ақ балтыры,
Әлденеге сыңқылдаап күлісіп жүр.
Құлын, тайлар құлдырап құйрық атып,
Бірін-бірі жарысып, қуысып жүр.

Анау белде койшы әнін шырқатып жүр,
Жазғы жасыл даланы шулатып жүр.
Жерге қарыс кіргізіп тегершігін,
Тракторын тұлғалы ер тулатып жүр.
Қошқыл қара қорыс қып бүйрат дәнді,
Топырағын туырылтып туратып жүр.
От кеудесін соқтырып машинаның,
Еңбек қүйіп үнімен жырлатып жүр.

1929

ТУРКСИБТІҢ ДАБЫЛЫ

Бұл не керім, құдіретті?
Құші жерді тітіретті.
Күрс-күрс таудың жонын ойды,
Күйретілді, күтір етті.

Күрт-күрт ойған өрде күрек,
Кірш-кірш кесіп жерге кіред.
Шақ-шүқ сүймен, түйрей тиген,
Тоңды тілген тереңірек!

Орыс, ноғай, өзбек, доңған,
Ұйғырлар да ойдан-қырдан
Казактармен қоян-қолтық
Жасыл жонда жолды салған.